

Магистратураға түсуші түлектер назарына!!!

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (ЖЖОКБҰ) магистратурасына түсушілердің КТ-ге өтініштерін қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

Магистратураға КТ күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамыз аралығында компьютерлік форматта USTUDY ұйымы ғимараттарында өткізіледі.

Магистратураға қабылдау 2021 жылғы 28 тамызға дейін жүргізіледі.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша дәстүрлі форматта шығармашылық емтихандарды өткізу:

- «M031-Хореография»
- «M032 – Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс»
- «M033 – Бейнелеу өнері»
- «M034 – Өнертану»
- «M035 – сән, дизайн»
- «M036 – Полиграфия»

Магистратураға түсуші тұлғалар:

ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:

- 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3x4 өлшемінде алты фотосурет (электронды нұсқасын дискіде өткізуі қажет);
- 5) 075- нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 6) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6,0), IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор) шекті балл – кемінде 6,0, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 543, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 60), Test of English as a Foreign Language paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 498, Common European Framework of Reference (CEFR, шекті балл- B2), Deutsche Sprachprüfung fuerden Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/деңгей C1), TestDaF–Prüfung (Niveauc1/C1 деңгейі), Test de Franzais International ™ (TFІоқу және тыңдау секциялары бойынша B1деңгейінен төмен емес), Diplome d' Etudes en Langue Franzaise (DELDF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise (DALF, C1

деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл) (болған жағдайда) (бар болған жағдайда);

7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақтың 3), 7) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.